



20-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Тарихи антропологияның болашағы





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропологияның болашағы
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: Біз жоғарыда тарихи антропология қалыптасу тарихы мен негізгі бағыттарына тоқталдық. Әрине, дәрістер барысында оның негізгі теориялық ережелері де қарастырылды. Осы дәрісте бұл пәннің болашағы туралы сөз болмақ.

Негізгі идеялары:

1. Тарихи антропологиялық зерттеулер тарихынан

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Тарихи антропология әлемдік деңгейде мойындалғаннан кейін бұл бағытқа тән әдістемелік қиындықтар байқалды, скептиктер мен сын айтушылардың дауысы қаттырақ шыға бастады. Ең алдымен, ғылыми әлем италян микротарихшыларының өз арасындағы қатты келіспеушіліктерге куә болды. Былайша айтқанда, олардың отанында микротарихтың әртектілігі әлдеқашан құпия болудан қалған еді. С.Черуттидің байқауынша, микротарихта екі, яғни әлеуметтік және мәдени ағымның бар екені жөнінде бірінші болып Альберто Банти пікір айтты, оның пікірінше, Э.Гренди немесе Дж.Леви сияқты микротарихшылар («әлеуметтік») әлеуметтік құрылымды адамдар арасындағы әртүрлі қарым-қатынастардың қатар өрілуі ретінде қарастыруға тырысты, ал бұл мезетте өзге ғалымдардың, бірінші кезекте К.Гинзбургтің еңбектерінен мінез-құлық көріністерін зерделеу байқалатын және бұл бұрынғы заман адамдарының «әлеуметтік әлеміне» тән мәдени мағынаны ашып көрсету мақсатын көздеген.

А.Бантинің мақаласы айтарлықтай резонанс тудырған жоқ, алайда микротарихтың негізін қалаушы-аталарының бірі Э.Гренди бірнеше жылдан кейін дәл осы мәселеге мойын бұрды. Ол микротарихи зерттеулерде екі бағыттың бар екенін құптап қана қойған жоқ, бірқатар оқымыстылардың, ең алдымен америкалық ғалымдардың, сондай-ақ К.Гинзбургтің микротарихтың басты теоретигі және практигі, «бейнесі» етіп көрсеткен әрекетіне келіспеушілігін білдірді. Э.Грендинің пікірінше, К.Гинзбургтің зерттеушілік тәсілі қашанда ерекше, Дж.Леви сияқты әріптестері ұстанған бағыттан өзгеше болды және толықтай мәдени пішіндер проблематикасы шеңберінде көрінді; мәдениеттің әлеуметтік, тұңғаралық қатынастарын ашып көрсету оның міндетіне кірмеді.

Микроталдау мәніне қатысты Э.Грендинің өз пікірі де мейлінше қызық: оның пікірінше, «ол - анағұрлым терең талданған, теориялық жағынан жақсы негізделген және ерекше контексттегі әлеуметтік тарихқа қатысты «итальяндық көзқарастың» белгілі бір түрі. Әлеуметтік ғылымдар үшін жабық бұл контекст тарихи ортодоксияға бағынады, ал ол бойынша қарастырылып отырған нысандар маңыздылығының қатаң иерархиясы тән.

2. Болашақ зерттеу нысандары

Грендинің тарихи антропологияға берген мінездемесінде екі жайт назар аудартады. Біріншіден, оның «қарастырылып отырған нысандар маңыздылығының иерархиясы» тұрғысында, тарихнамалық дәстүрмен (ортодоксиямен) байланысы айқын көрсетіледі: осылайша, жаңа бағыт радикализмі айтарлықтай салыстырмалы болып шығады. Екіншіден, микроталдау шын мәнісінде, италяндық нұсқадағы әлеуметтік тарихпен теңестіріледі. К.Гинзбургке келер болсақ, бұл зерттеушінің толықтай микротарихшы болып саналмайтынын анық түрде аңғартады, ол бұл ретте Гинзбургтің өзінің («Микроистория: две-три вещи, которые я о ней знаю») мақаласына жүгінді. Гренди микротарих «Сыр и черви» авторы үшін айтарлықтай мән беруге тұрмайтын, жұмыс барысындағы қолайлы формула ғана болды деп тұжырымдайды.

Грендинің бұл пайымы белгілі бір мөлшерде, әрине, шындыққа саяды. К.Гинзбургтің өзі шығармашылығын тек микротарихпен ғана байланыстырмайтынын айтқан. Бұл ретте, келесі сұрақ әлдеқайда маңызды: К.Гинзбург жалғыз өкілі болып табылатын (басқа ешкімнің аты-жөні аталмайды) микротарихтың ерекше, мәдени бұтағы туралы айтуға бола ма? Сонымен, бүгінде микротарихтың қанша бағыты бар: екеу ме әлде біреу ме?

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропологияның болашағы
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.